Бекітемін:

Ақкөгершін балабақшасының

Басшысы: Г.Нарбек

Ақкөгершін бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

Логопедтің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары.

Логопед:Оразбаева Динара Мүсілімқызы

2021-2022оқу жылы.

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек

Логопедтің жылдық жоспары

| № | Тақырыбы | Мерзімі | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | 1-2 апта балалардың сөйлеу тілін тексеру | 1.09-10.09.21 | 5 |
| 2. | Балабақшада | 13.09-17.09.21 | 5 |
| 3. | Күзгі орман | 20.09.-24.09.21 | 5 |
| 4. | Құстар | 22.09-1.10.21 | 5 |
| 5. | Үй құстары | 4.10-8.10.21 | 5 |
| 6. | Жиһаздар | 11.10-15.10.21 | 5 |
| 7. | Адамның дене мүшелері | 18.10.-22.10.21 | 5 |
| 8. | Шалқан ертегісі | 25.10.-30.10.21 | 5 |
| 9. | Ойыншықтар | 1.11.-5.11.21 | 5 |
| 10. | Киімдер | 8.11.-12.11.21 | 5 |
| 11. | Ертегілер елінде | 15.11.-19.11.21 | 5 |
| 12. | Балықтар | 22.11.-26.11.21 | 5 |
| 13. | Қыс мезгілі | 29.11.-31.11.21 | 5 |
| 14. | Қысқы орман | 6.12.-15.12.21 | 5 |
| 15. | Менің сүйікті ойыншығым | 20.12.-21.12.21 | 5 |
| 16. | Үй жануарары | 22.12.-30.12.21 | 5 |
| 17. | Жабайы жануарлар | 3.01.7.01.22 | 5 |
| 18. | Қар басқан ағаштар | 10.01.-14.01.22 | 5 |
| 19. | Қыс ғажаптары | 17.01.-21.01.22 | 5 |
| 20. | Қысқы киімдер | 24.01.-23.01.22 | 5 |
| 21. | Біздің сүйікті досымыз | 31.01.-4.02.22 | 5 |
| 22. | Тазалық денсаулық кепілі | 7.02.-11.02.21 | 5 |
| 23. | Шалқан ертегісі | 14.02.-18.02.22 | 5 |
| 24. | Ұлтық киімдер | 21.02.-25.02.22 | 5 |
| 25. | Көктем кереметі | 28.02.-4.03.22 | 5 |
| 26. | Анама сыйлық | 7.03.-11.03.22 | 5 |
| 27. | Жайлауда | 14.03.-18.03.22 | 5 |
| 28. | Наурыз – көктем мерекесі | 24.03.-10.04.22 | 5 |
| 29. | Көктемгі гүлдер | 04.04.-08.22 | 5 |
| 30. | Көктемгі гүлдер | 11.04.-15.04.22 | 5 |
| 31. | Құстар біздің – досымыз | 18.04.-22.04.22 | 5 |
| 32. | Көлік түрлері | 25.04.-29.04.22 | 5 |
| 33. | Ас атасы – нан | 2.05.-06.05.22 | 5 |
| 34. | Орманға саяхат | 10.05.-13.05.22 | 5 |
| 35. | Балықтар | 16.05.-20.05.22 | 5 |
| 36. | Бөлме гүлдері | 23.05.-27.05.22 | 5 |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
________

Қыркүйек айының перспективалық жоспары

Өтпелі тақырып: Менің балабақшам

| Мерзімі | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 1.09-10.09.21 | | 1-2 апта балалардың сөйлеу тілін тексеру. | Дұрыс тыныс алуын қалыптастыру.Сөйлеу ережесін еске түсіре отырып,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Қоршаған орта, табиғатпен тіршілік арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру.Жалпы моторикасын дамыту. | Суреттер, айна ,магнит тақтасы |
| 13.09.-17.09.21 | О | «Балабақшада» | Саусаққа арналған жатығулар жасату. Сурет бойынша сөйлем құрау. Сөздік қорын молайту. Танымдық қабілетін қалыптастыру. | Айна,кеспе әріптер, магнит тақтасы |
| 20.09-24.09.21 | Ө | Күзгі орман | Күзгі орман жайлы түсінік беру,дыбыстардың дұрыс айтылуын анықтау.Сөздік қорын молайту. | Күзгі орманның суреттері айна,магнит тақтасы. |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек

**Қазан айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

| **Мерзімі** | **Дыбыстар** | **Лексикалық тақырыптар** | **Мақсаты** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| 27.09.-1.10.21 | Қ | Құстар | Құстардың түрлерімен таныстыру,сөздік қорын молайту сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | Құстар суреттерң,айна, магнит тақтасы, кеспе әріптер |
| 4.10.-8.10.21 | К | Үй құстары | Үй құстары жайлы, түсінік беру ,құсатрға қамқор болуға үйрету.сөздік қорын молайт. дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету | Үй құстарының суреттері, айна магнит тақтасы |
| 11.10.-15.10.21 | Ж | Жиһаздар | Жһаздар жайлы түсінік беру.Дыбыстардыь дұрыс айтуын анықтау,сөздік қорын молайту | Жиһаздар суреттері,айна,магнит тақтасы |
| 18.10.-22.10.21 | З | Адамның дене мүшелері | Адамның дене мүшелерімен таныстыру суреттен көрсетіпатау.Дұрыс тыныс алуға үйрету. | Адамның дене мүшелерінің суреттері, айна кеспе әріптер |
| 25.10.-30.10.21 | І | Шалқан ертегісі | Шалқан ертегісінің сурет бойынша балаларға айтқызу, сөздік қорын молайту. | Шалқан ертегісінің суреті, айна магнит тақтасы |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
___________

**Қараша айының перспективалық жоспары**
**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор боламыз»**

| Мерзімі | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 1.11.-5.11.21. | Ы | Ойыншықтар | Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аттарын атай отырып сипаттау, ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.Бала тілінің жетілуін,есту, ойлау, көру, қабілетін байқау және дұрыс тыныстай білуге үйрету. | Оыншықтар ,айна кесеп әріптер |
| 8.11-12.11.21 | Ш | Киімдер | Киімдер жайлы түсінік беру. Ш дыбысының айтылуын және артеккуляциялық қалпына түсіндіру.Сөйлем құрау арқылы ойлау қабілетін дамыту. | Киімдердің суреттері, айна кеспе әріптер |
| 15.11.-19.11.21 | С | Ертегілер елінде | Сурет бойнынша әңгіме құрауға, өзінің білетін ертегісін әңгімелеп беруге үйрету, байланыстырып сөйлеуге үйрету. | Ертегі кейіпкерлердің суреттері,айна магнит тақтасы. |
| 22.11.-26.11.21 | Б | Балықтар | Балықтардың тіршілігімен таныстыру,қолдың ұсақ оторикасын дамыту. | Балықтардың суреттері айна |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
___________

**Желтоқсан айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: «Алақай қыс келді»**

| **Мерзімі** | **Дыбыстар** | **Лексикалық тақырыптар** | **Мақсаты** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| 29.11.-3.12.21 | Е | Қыс мезгілі | Сурет бойынша сөйлем құрау, дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтуға үйрету.Сөздік қорын молайту. | Қыс мезгілінің суреттері , айна , кеспе әріптер |
| 6.12.-15.12.21 | У | Қысқы орман | Қысқы орман жайлы түсінік беру.Берілген тапсырмалардызейін қоя отырып орындау арқылы зейінділігін артыруға,заттарды жеке –жеке таныта отырып заттардың атауын бір сөзбен айта білуге үйрету. | Қысқы орманның суреті,айна магнит тақтасы. |
| 20.12-24.12.21 | Р | Менің сүйікті ойыншығым | Балаларға өзінің сүйікті ойыншығы әңгімелеп беруге үйрету.Олардың аттарын атай отырып ситаптау.Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, тазалыққа үрету. | Ойыншықтар ,айна, кеспе әріптер. |
| 27.12-31.12.21 | И | Үй жануарлары | Үй жануарлары жайлы түсінік беру, олардың пайдасын түсіндіру,сөздік қорын молайту | Үй жануарларының суреттері ,айна. |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
______________

**Қаңтар айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: «Қыс қызығы»**

| Мерзімі | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 3.01.-7.01.22 | Ж | Жабайы жануарлар | Балаларға жабайы жануарлар және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Бадараға сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | Жабайын жануарлардың суреттері, айна, магнит тақтасы, кеспе қағаз. |
| 10.01.-14.01.22 | Ш | Қар басқан ағаштар | Қыс мезгілі жайлы мағлұмат беру. Сурет бойынша сөйлем құрауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | Қыс мезгілінің суреттері,айна магнит тақтасы,кеспе әріптер. |
| 17.01-21.01.22 | С | Қыс ғажаптары | Қыс ғажаптар,қысқы ойындар жайлы түсінік беру, сөздік қорын молайту, қол моторикасын дамыту. | Қыс мезгілінің, шананың ,аққаланың суреттері, айна, магнит тақтасы |
| 24.01.-28.01.22 | З | Қысқы киімдер | Қысқы киімдер жайлы түсінік беру.З дыбысының айтылуын және артекуляциялық қалпын түсіндіру.Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. | Қысқы киімдердің суреттері, айна ,кеспе қағаздар. |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
_______________

**Ақпан айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

| **Мерзімі** | **Дыбыстар** | **Лексикалық тақырыптар** | **Мақсаты** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| 31.01.-4.02.22 | М | Менің сүйікті достарым | Достар туралы түсік беру,достарды қадірлеуді үйрету.Күшікпен мысық жайлы әңгімелеу.Балалардың сөздік қорын молайту,дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Фонетикалық фонематикалық есту қабілетін дамыту. | Айна,үлестірмелі кестелер, күшік пен мысықтың суреттері. |
| 07.02.-11.02.22 | Т | Тазалық денсаулық кепілі | Балаларды тазалыққа үйрету. Тазалық құралдарымен таныстыру.Артекуляциялықжаттығуларды дұрыс асату. Т дыбысын сөз сөйлем ішінде дұрыс айтуға үйрету | Тазалық құралдарының суреттері, кеспе қағаздар, айна. |
| 14.02-.18.02.22 | Ң | Киімдер | Киімдер жайлы мағлұмат беру,киімді таза киюге үйрету,балалардың сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. | Айна киімдерді.суреттері магниттік тақтасы. |
| 21.02.-25.02.22 | Ө | Ертегілер елінде | Өзінің білетін ертегісін айтып беругеүйрету.Сөздік қорын молайту,Байланыстырып сөйлеуге,сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. | Айна ертегі киіпкерлері суреттер, магнит тақтасы. |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек

**Наурыз айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: «Көктеп жаршысы құстар»**

| № | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Көрнекілігі |
|---|---|---|---|---|
| 28.02-4.03-22 | О | Көктем кереметі | Көктем мезгілі,көктем кереметтері жайлы түсінік беру.Қоршаған орта табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру,сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | Көктем көріністері бейнеленген суреттер, айна,үлестірмелі карталар |
| 7.03-11.03.22 | Ы | Анама сыйлық | Ананы құрметтеуге, сыйлауға үйрету.Аналар мерекесі жайлы түсінік қалаптастыру,Сөздік қорын молайту,танымдық қабілетін қалыптастыру. | Айна,кеспе әріптер, магнит тақтасы |
| 14.03-18.03.22 | Е | Жайлауда | Жайлау жайлы түсінік беру.Дыбыстарды дұрыс айтуын анықтау,сөздік қорын молайту,сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. | Жайлаудың суреті,айна кеспе әріптер. |
| 24.03-11.04.22 | З | Наурыз көктем мерекесі | Наурыз мерекесі жайлы түсінік беру.Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету,сөздерді дұрыс айтуын қадағалау. | Наурыз мерекесінің суреттері, айна , магнит тақтасы, кеспе әріптер |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
___________

**Наурыз айының перспективалық жоспары**
**Өтпелі тақырып: «Көктеп жаршысы құстар»**

| № | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Көрнекілігі |
|---|---|---|---|---|
| 28.02-4.03-22 | О | Көктем кереметі | Көктем мезгілі,көктем кереметтері жайлы түсінік беру.Қоршаған орта табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру,сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | Көктем көріністері бейнеленген суреттер, айна,үлестірмелі карталар |
| 7.03-11.03.22 | Ы | Анама сыйлық | Ананы құрметтеуге, сыйлауға үйрету.Аналар мерекесі жайлы түсінік қалаптастыру,Сөздік қорын молайту,танымдық қабілетін қалыптастыру. | Айна,кеспе әріптер, магнит тақтасы |
| 14.03-18.03.22 | Е | Жайлауда | Жайлау жайлы түсінік беру.Дыбыстарды дұрыс айтуын анықтау,сөздік қорын молайту,сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. | Жайлаудың суреті,айна кеспе әріптер. |
| 24.03-11.04.22 | З | Наурыз көктем мерекесі | Наурыз мерекесі жайлы түсінік беру.Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету,сөздерді дұрыс айтуын қадағалау. | Наурыз мерекесінің суреттері, айна , магнит тақтасы, кеспе әріптер |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек
______

## Сәуірайының перспективалық жоспары

**Өтпелі тақырып: «Көктемгі егістік»**

| Мерзімі | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 04.04-8.04.22 | Ү | Көктемгі гүлдер | Көктемгі гүлдер жайлы түсіндіру.Олардың алуан түрлері бар екені туралы түсінік қалыптастыру.Дыбыстарды дұрыс айтуын қадағалап, сөйлем құрауға үйрету. | Гүлдердің суреттері, айна магнит тақтасы. |
| 11.04-15.04.22 | Ұ | Көктемгі еңбек құралдары | Еңбек құралдары жайлы түсіндіру.Көктемгі тіршілік жайлы білімдерін кеңейту .Дауыс күшінөзгерте отырып дыбыстарды дұрыс айтуын қадағалау. | Еңбек құралдарының суреттері,айна, магнит тақтасы |
| 18.04.-22.04.22 | Ғ | Құстар біздің досымыз | Құстар жайлы мағлұмат беру,сөздік қорын молайту.Көргендерін әңгімелеу арқылы байланыстырып сөйлеуге,құстардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. | ҚҰстардың суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер. |
| 25.04.-29.04.22 | Г | Көлік түрлері | Көлік түрлері жайлы мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорын молайту, дыбыстар дұрыс айтуға үйрету .Фонетикалық-фонематикалық есту қабілетін дамыту. | Көлік түрлерінің суреттері,айна, магнит тақтасы |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін
Балабақша басшысы
Г.Нарбек

**Мамыр айының перспективалық жоспары**

**Өтпелі тақырып: Табиғаттың гүлденуі.**

| Мерзімі | Дыбыстар | Лексикалық тақырыптар | Мақсаты | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 03.05 – 06.05.22 | Д | Ас атасы - нан | Бидайдан нан жасалатын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін диханшылардың еңбегімен таныстыру.Нанды қастерлеуге үйрету, үлкендердің еңбегін еңбегін бағалай білуге үйрету. | Нанның,наубайхананың суреттері,айна,кеспе әріптер. |
| 10.05 – 13.05.22 | С | Орманға саяхат | Ормандағы тіршілік жайлы түсіндіру. Онда өмір сүретін аңдар жайлы мағлұмат беру.Сөздерді дұрыс,анық айтуға үйрету. | Орманның,аңдардың суреттері (аю,қоян,қақыр,тиін.),ай магнит тақта. |
| 16.05 – 20.05.22 | З | Балықтар | Балықтардың тіршілігімен,түрлерімен таныстыру.Дыбыстарды дұрыс айтуын анықтау,сөздік қорын молайту. | Балықтардың суреттері айна,кеспе,әріптер. |
| 23.05 – 27.05.22 | Е | Бөлме гүлдері | Бөлме гүлдерімен таныстыру,оларды күтіп баптауға үйрету.Сөздік қорын молайту. | Бөлме гүлдерінің суреттері,айна магнит тақтасы, кеспе әріптер. |

Балабақша әдіскері: Н.Ажібаева

Бекітемін:

Ақкөгершін балабақшасының

Басшысы: Г.Нарбек

Ақкөгершін бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

Логопедтің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары.

Логопед:Оразбаева Динара Мүсілімқызы

2021-2022оқу жылы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**01.09-10.09.21ж

**Тақырыбы**:Бір-екі апта балалардың сөйлеу тілін тексеру.

**Мақсаты:**Дұрыс тыныс алуын қалыптастыру.Сөйлеу ережесін еске түсіре отырып,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Қоршаған орта табиғатпен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру.Жалпы моторикасын дамыту.

**Ресурстары**:Суреттер ,айна ,магнит тақтасы.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,жылы лебіздерін айтқызу.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Сағат тіл жаттығуы

Әткеншек тіл жаттығуы

Қайық тіл жаттығуы

Бақа тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы.**

Шарды үрлеп жару.

Көбелекті ұшырып гүлге қондыру.

**Негізгі бөлім**:Балалардан жеке-жеке аттарын атап таныстыру.Олардың қандай тағамды,қандай ойыншықты жақсы көретіндерін сұрау.

Балалар біз тыныс алғанда мұрын арқылы тыныс аламыз.Тыныс алудың адам өміріне пайдасы зор.Біз тыныс алу арқылы өмір сүреміз.Тыныс алуымыз мұрын,өкпе арқылы жүзеге асады.Дұрыс тыныс алу біздің анық.тазаа сөйлеуімізге,денсаулығымызға пайдалы.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұраайы

Қәне қанат жазайық

Торғайларға ұқсап

Ұшып-ұшып алайық.

**Қорытынды бөлімі:**Балаларды мақтап-мадақтау.Оқу қызметін қорыту,сұрақтар қою.

Жоспарілеген 13.09.-17.09.21ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**13.09-17.09.21ж

**Тақырыбы**:Балабақшада.

**Мақсаты:**Балабақшамен таныстыру.Саусаққа арналған жаттығулар жасату.сурет бойынша сөйлем құрау.Сөздік қорын молайту,танымдық қабілетін қалыптастыру.

**Ресурстары**:Айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,жылы лебіздерін айтқызу.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Әткешек тіл жаттығуы

Сағат тіл жаттығуы

Мысық тіл жаттығуы

Бақа тіл жаттығуы

Тыныс алу жаттығуы.

Көбелекті ұшырып гүлге қондыру.

Шарды үрлеп, жару.

Негізгі бөлімі:Балаларға балабақша жайлы түсінік беру.Балабақшаның тіршілігімен таныстыру.Балабақша қызметкерлерінің бөлмелерін көрсету,олардың атқаратын қызметтерімен таныстыру.Аспаздар асханада балаларға арнап ас пісіреді.Медбике ауырып қалған балаларға дәрі береді.

**Сергіту сәті.**

Жел тұрды гу-гу

Жаңбыр жауды тырс-тырс

Күн ашылды

Жаңбыр басылды.

**Қорытындыбөлімі:**Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін қорыту,сұрақтар қою.

1.Біздің балабақшамыз қандай?

2.Балабақшада кімдер жұмыс жасайды?

бөлінеді.Дала құстары деп өздігінен өмір сүретін құстарды айтамыз.Оларға бүркіт,қарға,қарлығаш,торғай т.б құстар жатады.Үй құстары тікелей адамның қамқорлығында болады.Оларға қаз ,тауық,күрке тауық жатады.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық

Қане қанат жазайық

Торғайларға ұқсап

Ұшып-ұшып алайық.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін қорыту,сұрақтар қою.

**1.**Қандай құстарды білесің ?

**2.**Дала құстарына қандай құстар жатады?

**3.**Үй құстарын ата?

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**

Бекітемін
20.09-24.09.
[signature]

**Өтілетін күні:** 20.09-24.09.21ж

**Тақырыбы:** Күзгі орман

**Мақсаты:** Күзгі орман жайлы түсінік беру,дыбыстарды дұрыс айтылуын анықтау, сөз қорын молайту.

**Ресурстар**: Күзгі орманның суреттері, айна, магнит тақтасы.
Кіріспе белгісі:Шеңбер бойлап тұрғызуын бір-бірімен сәлемдестіру, бір-біріне сөздер айтқызу. Шаттық шеңберін құру.

**Артекуляциялық жаттығулар**

«Парақ»
«Күрекше»
«Ат шауып келеді»
«Әткеншек»

**Дыбыстық жаттығу**

Балалар дыбыстық жасттығуды бір-біріне қарап оқытушы орындайды.

**Тыныс алу жаттығулары**

Гүлге көбелекті ұшуын қондыру.

**Негізгі белгісі:** Балалардың күзгі орман жайлы не білетіндерін сұрау. Балаларға күзгі орманның суретін көрсету.Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтарын сарғайып жерге түседі. Орман сары түске енеді.Күн суып, жаңбыр жауады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Аңдар қысқы азықтарын жинап қысқы ұйқыға дайындалады.

**Сергіту сәті**

Жел тұрды гу-гу
Жаңбыр жауды тырс-тырс
Күн ашылды.
Жаңбыр басылды.

**Ойын:** Кім қайда тұрады.

**Қорытынды белгісі:** Балалардың мақсаты, мадақтау
1.Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы қандай
2.Күзгі оррман сипатын беріңдерші.

Тексерілді 27.09-01.10.21ж

## Ұйымдастырылған оқу қызметі.

**Өтілетін күні:**27.09 -01.10.21ж

**Тақырыбы**:Құстар

**Мақсаты:**Құстар туралы мағлұмат беру,құстардың түрлерімен таныстыру.Сөздік қорын дамыту,сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

**Ресурстары**:Құстардың суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

Балдай тәтті баламыз

Айтқан тілді аламыз

Ойынменен өседі

Ойымызбен санамыз.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Тарақ тіл жаттығуы

Күрекше тіл жаттығуы

Ат шауып келеді тіл жаттығуы

Әткешек тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Жапырақтарды үрлеп,ұшыру.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ке-кесе,кеме

Ки-киім,киіз

Кү-күшік,күрек.

**Негізгі бөлімі:**Балалардан қандай құстарды білетіндерін сұрау.Балалар құстардың түрлері өте көп.Құстар дала құстары және үй құстары деп екіге

Тексерілді
04.10.2021ж

## Ұйымдастырылған оқу қызметі

**Өтілетін күні:** 4.10-8.10.21ж

**Тақырыбы:** Үй құстары

**Мақсаты:** Үй құстары жайлы түсінік беру, құстарға қамқор болуға үйрету, сөздік қоры молайту. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

**Ресурстар:** Үй құстарының суреттері,айна, магнит тақтасы.

**Кіріспе белгісі:** Шеңбер бойлап тұрғызу

**Шаттық шеңбері**

Терезеден күн сығылап
Бөлмеңізге қарайды
Қол соғамыз алақайлап,
Бойға шаттық тарайды.

**Артекуляциялық жаттығу**

«Күрекше»
«Дәмді тосап «
«Бақа»

**Тыныс алу жаттығулары**

Көбелекті ұшырып гүлге қондыру

**Дыбыстық жаттығу**

Қо-қораз,қол
Қа-қасық,қол
Қи-қияр
Қу-қуыршақ

**Негізгі бөлім:** Үй құстары тікелей адамның қамқорлығында болады. Үй құстары қаз, үйрек,тауық, күрке жатады.Үй құстары адамдар қолдан күтіп жасайды.Оларға жем, су беріп ,жылы жерде бағып-қағады. Үй құстарының пайдасы өте көп., олардың етіп, жұмыртқасын пайдаланады.

**Сергіту сәті**

Орнымыздар тұрайық
Кәне қалап жазайық
Торғаларға ұқсап,
Ұшып-ұшып алайық.

**Қорытынды:** Балаларды мақтап, мадақтау.
Сұрақ-жауап арқылы қорыту.
Үй құстарына қандай құстар жатады.

Тексерілді
11.10.2021ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:** 11.10-15.10.21 ж

**Тақырыбы:** Жиһаздар.

**Мақсаты**:Жиһаздар жайлы түсінік беру.Дыбыстарды дұрыс айтуын анықтау,сөздік қорын молайту.

**Ресурстары**:Жиһаздардың суреттері,айна,магнит тақтасы.

Кіріспе бөлімі:Шеңбер бойлап тұрғызып бір –бірімен сәлемдестіру.Шаттық шеңберін жасау.

**Шаттық шеңбері.**

Күзім-ау,күзім-ау

Мінезің бұзық-ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық-ау

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Әткеншек тіл жаттығуы

Сағат тіл жаттығуы

Ат шауып келеді тіл жаттығуы

Тіс тазалау тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы.**

Жапырақтарды үрлеп,ұшыру.

Дыбыстық жаттығу.

Жа-жаңбыр,жапырақ

Жұ-жұмыртқа,жұдырық

Жы-жылан,жылқы.

**Негізгі бөлімі:**Балаларға жұмбақ жасыру.

Төрт аяғы болса да

Етік киіп көрмеген

Жалқаулығы соншама

Аттап шықпас бөлмеден( Үстел )

Мен жәйлімін жұмсақпын

Мені табу қиын емес

Ұнатады әже менен сәбилер

Отыруға,жатуға(Диван )

Балалар жиhаздардың әрқайсысының атқаратын өз қызметі бар.Үстелде ас ішіп,жазу жазуға болады.Кереуетте жатып ұйықтаймыз.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық

Қане қанат жазайық

Торғайларға ұқсап

Ұшып-ұшып алайық.

Дидактйкалық ойын:Не артық.

**Қорытынды бөлімі:**Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорыту.Балаларды мақтап,мадақтау.

1.Қандай жиhаздарды білесіңдер?

2.Атқаратын қызматтерін ата?

Тексерілді
19.10.2021

## Ұйымдастырылған оқу қызметі

**Өтілетін күні:** 18.10-22.10.21ж

**Тақырыбы:** Адамның дене мүшелері.

**Мақсаты:** Адамның дене мүшелерімен таныстыру,суреттен көрсетіп атау. Дұрыс тыны алуға үйрету.
**Ресурстар:** Адамның дене мүшелерінің суреттері,айна,кеспе әріптері.
Кіріспе белгісі:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-біріне жылы сөздер айтқызу.

**Шаттық шеңбері**

Терезеден күн сығалап
Бөлмелерге қарайды
Қол соғамыз алақайлап,
Бойға шаттық тарайды.

**Артекуляциялық жаттығу**

«Әткеншек»
«Барабан»
«Мысық»
«Жаңғақ»

**Тыныс алы жаттығулары**

Шырақты сөндіру
Шарды үрлеп,жару.

**Дыбыстық жаттығулар**

За-Зада,
Зы-зымыран,
Зо-зобақ,
Зе-зере

**Негізгі бөлім:** Балаларға суреттеп адамның дене мүшелерін көрсету.Дене мүшелерінi атауларын атау. Дене мүшелерінің әрқайсысының атқаратын қызметтері бар.Бас-ойлау, әдемі болу, үшін, құлақ есту, мұрын- иіс сезу, көз-көру, ауыз-сөйлеу,тамақ жеу үшін,аяı жүру үшін, қол-жұмыс.

**Сергіту сәті**

Балалар сегіту сәтін қимылмен көрсетеді.
Қорытынды бөлім:Балалардың мақсаты-мадақтау.

Тексерілді
25.10.2021

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

**Өтілетін күні:** 25.10 -30.10.2021ж

**Тақырыбы:** Шалқан ертегісі.

**Мақсаты:** Шалқан ертегісін суреті бойынша балаларға ойлануды, сөздік қорын молайту.

**Ресурстары:** Шалқан ертегісінің суреттері , ойла магнит тақтасы.

**Кіріспе бөлімі**: Шеңбер бойлап тұрғызып бір –біріне жылы сөздер айтқызу.

**Шаттық шеңбері**

Терезеден күн сығалап
Бөлмемізге қарайды
Қол соғамыз айғайлап,
Бойға шаттық тарайды

**Артекуляциялық жатттығулар**.

«Футбол»
«Ат шауып келер»
«Кесе»
«Барабан»

Балалар жаттығуды айнаға қарап отырып орындайды

**Тыныс алу жаттығуы**

«Тонғыш қолдарды жылыту»
«Шарды үрлеп жару»

Негізгі бөлім: Балаларға «Шалқан» ертегісін айтып беру. Ертегіде атай бақшасына шалқан егіпті.

Күндердің күнінде шалқан үлкен болып өсіпті.Атай бақшадағы шалқанды жұла алмапть көмекке апасын шақырады. Атай мен апасы шалқанды ары қозғап, бері қозғап жұла алмапты. Көмекке апасы қызын шақырыпты . атасы ,апасы, қызы шалқанды ары тартып, бері тартып, қозғалта алмапты. Қыз күшігін шақырыпты .атасы ,апасы, қызық күшігі шалқанды ары тартып,бері тартып жұла алмапты. Күшігі мысығын шақырыпты. Атасы,апасы, қызы, күшігі , мысығы шалқанды ары тартып,бері тартып шалқанды жұла алмапты. Мысығы тышқанды шақырыпты атасы,апасы,қызы, күшігі,мысығы тышқан барлығы жабылып тартып шалқанды жұлып алыпты. Ертегі балаларға рольдерге қойып өздерін ойнату.

**Сергіту сәті.**

Жел тұрды гу-гу,
Жаңбыр жауды тырс-тырс
Күн ашылды,
Жаңбыр басылды.

**Қортынды бөлімі:** Баларды мақтап мадақтау. Оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау.

1. Балалар бүгінші оқу қызметінде қандай ертегіні өттік?
2. Ертегі кіипкерлерін анықтаңдар?
3. Ертегі ұнады ма?

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

Тексерілді 01.11-05.11.2

**Өтілетін күні:** 1.11 – 5.11.21ж

**Тақырыбы:** Ойыншықтар

**Мақсаты:** Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту Олардың аттарын ойнап отырып сипаттау.Бала тілінің тәттілігін есту,ойлау,көру қабілетін,байқау және дұыс тыныстатып білуге үйрету.

**Ресурстар:** Ойыншықтар,айна, кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі:** Шеңбер бойлап тұрып балаларғы бір – біріне жылы лебіздерін айтқызу

**Шаттық шеңберін жасау**

**Шаттық шеңбері**

Терезеден күн сығалап
Бөлмемізге қарайды
Қол соғамыз айғайлап,
Бойға шаттық тарайды

**Артекуляциялық жатттығулар**.

«Сағат»
«Әткеншек»
«Мысық»
«Ат шауып келеді»

**Тыныс алу жаттығуы**

Көбелекті ұшырып гүлге қондыру

**Негізгі бөлімі:** Балаларға оқу қызметін бастамас бұрын сұрқтар қою.

1. Сіздерге қандай ойыншықтар ұнайды?
2. Сүйікті ойыншықтарындв ата?

Ойыншықтар бірнеше түрге бөлінеді.Қатты,жұмсақ,рущке ойыншықтар болып.Қатты ойыншықтарға машина,ұшақ,тік ұшақ,қуыршақтар,жатады.
Жұымсақ ойыншақтарға аю,қоян, түлкі,қонжықтаржатады. Олар түрлі жіптерден тоқылып өте жұмсақ болады. Резеңке ойыншықтаррезенкеден жасалады.Олар қатты да жұмсақта болады.Резенке ойыншықтар өте төзімді келеді.Балалар ойыншықтарды сындырмай бұзбай құрметтеп таза ұстап үйренейік.ойыншықтармен ойнап болан соң ұқыптап жинап қоюды үйренейік.

**Сергіту сәті.**

Шаршағанда ырғалып
Гүлге ұқсап демалып
Қанатты бір қағып
Гүлдей болып жайқалып

**Қортынды бөлімі:** Баларды мақтап мадақтау. Оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау.

1. Ойыншықтардың қандай түрлері бар?
2. Жұмсақ ойыншықтарға қандай ойыншықтар жатады?
3. Резеңке ойыншықтарды ата?

Тексерілді: 08.11-12.11.21ж

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

**Өтілетін күні:** 8.11 -12.11.21ж

**Тақырыбы:** Киімдер.

**Мақсаты:** Киімдер жайлы түсінік беру «Ш» - дыбыстық айтылуын және артекуляциялық қашық түсіндіру. Сөйлем құрау арқылы ойлау қабілетін дамыту

**Ресурстар:** Киімдердің суреттері,айна кеспе әріптер

**Кіріспе бөлімі:** Шеңбер бойлап тұрып шаттық шеңберін жасау.

**Шаттық шеңберін жасау**

Аппақ болып таң атты
Түтін көкке ұшады
Қарлығаштар қанатын
Самғап биік ұшады

**Артекуляциялық жатттығулар**.

«Сағат»
«Әткеншек»
«Мысық»
«Ат шауып келеді»

**Тыныс алу жаттығуы**

Шарды үрлеп жару,
Көбелекті ұшырып гүлге қондыру

**Дыбыстық жаттығуы**

Ша – шама –шара
Шы – шыбын –шыты
Шо – шошқа – шортан
Шұ – шұлық – шұжық

**Негізгі бөлімі:** Киімдер жыл мезгіліне сай төрт мезгілге бөлінеді.
Жаздық,қыстық,көктемгі,күзгі киімдер болып.
Жаздық киімдер - көйлек,белдемше ,жейде, т.б.
Қыстық киімдер - тон,күрteше,мойын орағыш т.б.
Күзгі киімдер – жейделер,жеңіл киімдер т.б.
Көктемгі киімдер – жеңіл ұзын жиделер,белдемшемдер т.б.
Сонымен қатар ұлдарға және қыздарға арналған болыпта бөлінеді.Дидактикалық ойын «Кімге арналған киім» Балаларға ар түрлі киімдерді көрсетіп ұлға арналған ба? Қызға арналған ба? Қай мезгілге киюге арналғандығын талқылау.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық
Кәне құшақ жазайық
Торғайларға ұқсап
Ұшып-ұшып алайық

**Қортынды бөлімі:** Баларды мақтап мадақтау. Оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау.

1. Киімдердің түрлерін ата?
2. Қыстық киімдер қандай киімдерге жатады?

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

Тексерілді 15.11.21ж

**Өтілетін күні:** 15.11- 19.11.21ж

**Тақырыбы:** Ертегілер елінде

**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрауға өзінің білетін ортасын әңгімелеп беруге үйрену, байланыстыруын сөйлеуге үйрету .

**Ресурстар:** ертегі киіпкерлерінің суреттері, айна , магнит тақтасы.

**Кіріспе бөлімі:** Шеңбер бойлап тұрып балаларғы бір – біріне жылы лебіздерін айтқызу.

**Шаттық шеңберін жасау**

Күнге қарап қол созамыз бір,екі,үш
Қызғалтақтай ырғалып бір,екі,үш
Дөңгеленіп би билейміз бір,ек,үш
Үлкен болып біз өсеміз бір,екі,үш

**Артекуляциялық жатттығулар**.

«Кесе»
«Футбол»
«Дәмдә тосап»
«Күрекше»

**Тыныс алу жаттығуы**

Түтүкшемен үрлеп жұлдызқұрты жүргізу
Шаршы үрлеп жару.

**Дыбыстық жаттығуы**

Са – сағат – сандық
Сә – сәбіз – Сәкен
Сұ – сұлы – сұлу
Сы – Сырға – сынық

**Негізгі бөлімі:** Балаларға «Бауырсақ»,»Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің суреттерін көрсету.Қандай ертегі екендігін сұрау.Ертегі киіпкерлерінің суретін көрсетіп қай ертегінің киіпкерлері екендігін айтқызу.Балалардан өздерінің білетін ертегілерін әңгімелеп беріп, ертегіні ролдерге ббөліп сахналау.

**Сергіту сәті.**

Қорбаңдаған аюдың
Құлпынайы көп екен
Теріп-теріп алайық
Қалтамызға салайық

Дидактикалық ойын. Дұрыс па?,Бұрыс па?

**Қортынды бөлімі:** Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау. Баларды мақтап мадақтау.

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

Тексерілді 22.11.21ж

**Өтілетін күні:** 22.11-26.11.21ж

**Тақырыбы:** «Балықтар»

**Мақсаты:** Балықтардың тіршілігімен таныстыру,қолдың ұсақ маторикасын дамыту.

Ресурстар: Балықтың суреттері , айна, магниттік тақтасы.

Кіріспе бөлімі: Шеңбер бойлап тұрып балаларға бір –біріне деген жылы лебіздерін айтыру.

**Шаттық шеңберін жасау.**

Қайырлы таң көк аспан
Қайырлы таң жер Ана
Қайырлы таң достарым
Сендерді көргеніме қуаныштымын.

**Артекуляциялық жатттығулар**.

«Саған »
« Ат шауып келеді»
«Жаңғақ »
«Дәмді тосап»

**Тыныс алу жатығуы**

Слайд экраны арқылы балықпен бірге тыныс алуы.
«Тонған қолдарды жылыту»

**Дыбыстық жатттығу**

Бо – Бота – Болат
Ба – балық – бақа
Бұ – бұқа – бұтақ

**Негізгі бөлімі:** Балаларға жұмбақ жасыру.

Даусы жоқ, үні жоқ
Сусыз оның күні жоқ (Балық)
Тілі жоқ,үні жоқ
Қанаты жоқ ұшпайды (Балық)

Балықтар суда өмір сүреді.Балықтар желбезектері арқылы демалады.Үлкен балықтар көлдерде, теңіздерде,мұхиттарда өмір сүреді.Кішкентай балықтарды үйде асырауғада болады.оларды акварюмға салып асырайды.Ұсақ балықтар балдырлар мен су астындағы шөптермен қоректенеді . Үлкен балықтар ұсақ балықтармен қоректенеді.

**Сергіту сәті.**

Балық суда жүзеді
Өте жылы,таза су
Бірде жазылады
Бірде шиырлады
Сөйтір інге тығылады.

**Қортынды бөлімі:** Баларды мақтап мадақтау. Оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау.

1. Балықтар қайда өмір сүреді?
2. Балықтар немен қоректенеді?
3. Қандай ойын ойнадынд

Тексерілді 29.11.21ж

**Ұйымдастрылған оқу қызметі**

**Өтілетін күні:** 29.11-3.12.21ж

**Тақыры:** «Қыс мезгілі»

**Мақсаты:** Сурет бойынша сөйем құру ,дыбыстарды сөздерді дұрыс айтуға үйрету.Сөзд қорын молайту.

**Ресурстар:** Қыс мезгілінің суреттері, айна, кесте әріптері.

**Кіріс бөлімі:** Шеңбер бойлап тұрып балаларғы бір – біріне жылы лебіздерін айтқызу

**Шаттық шеңберін жасау**

Құшамын мен де,
Құшасың сен де ,
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге

**Артекуляциялық жатттығулар.**

«Мысық»
«Түтікше»
«Барабан»
«Дәмдә тосап»
«Жаңғақ»

**Тыныс алу жаттығуы**

«Көбелекті ұшырып гүлге қондыру»
«Шарды үолеп жару»

**Дыбыстық жаттығуы**

Ем – емен – ешкі
Ег – егін – егіс
Ес – есік- есек

**Негізгі бөлімі:** Балалрдан жылдың төрт мезгілін сұрау.Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары жайлы сұрау.

Қыс мезгіліндегі күн суытады.Кра жауып өзен көлдердің беттері мұз қатады.Қыста бі жылы киімдер киеміз

Қыс мезгілі үш айдан тұрады .Желтоқсан,Қаңтар,Ақпан.Қыс мезгілінде қардан ақала жасап, мұз айдында сырғанаймыз, тауға барып шаңғы тебеміз.Қыста ағаштардың бастарына қар тұрып ағаштар ақ көрпеге оранады.

**Сергіту сәті.**

Жел тұрды гу-гу,
Жаңбыр жауды тырс-тырс
Күн ашылды,
Жаңбыр басылды.

**Қортынды бөлімі:** Баларды мақтап мадақтау. Оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қортындылау.

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Қыс мезгілі қанша мезгілден тұрады?
3. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз?

Тексерілді
06.12.21ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**06.12 -15.12.21ж

**Тақырыбы**:Қысқы орман

**Мақсаты:**Қысқы орман жайлы түсінік беру.Берілген тапсырмаларды зейін қоя отарып орындау арқылы зейінділігін арттыру.Заттарды жеке-жеке таныта отырып заттардың атауын бір сөзбен айта білуге үйрету.

**Ресурстары**:Қысқы орманның суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Қуанамын менде

Қуанасың сен де

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Сылақшы тіл жаттығуы

Кесе тіл жаттығуы

Дәмді тосап тіл жаттығуы

Барабан тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ес-есік,есек

Ег-егін,егіс

Ем-емен

**Негізгі бөлімі:**Қыс мезгілі үш айдан тұрады желтоқсан,қаңтар,ақпан.Қыс мезгілінде орман ақ көрпеге оранады.Ағаштардың басын қар жабады.Қыста аю қалың ұйқыға кетеді.Ал қоян болса қарға ұқсап ақ түске енеді.Балаларға қысқы орманның суретін көрсетіп,суреттен не көргендігін әңгімелеп берулерін сұрау.

**Сергіту сәті.**

Қорбаңдаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық.

Дидактикалық ойын:Бұл жануар қайда макендейді.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін қорыту,сұрақтар қою.

**1.**Қыс мезгілі қанша айдан тұрады ?

**2.**Қысқы орманды суреттеп беріңдер?

**3.**Қандай дидактикалық ойын ойнадық?

Тексерілді-
20.12.21ж
Агаф.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**.20.12 -24.12.21ж

**Тақырыбы**:Менің сүйікті ойыншығым

**Мақсаты:**Балаларға өзінің сүйікті ойыншығы жайлы әңгімелеп беруге үйрету.Ойыншықтардың аттарын атап,сипаттау.Оларды ұқыпты ұстауға,тазалыққа үйрету.

**Ресурстары**:Ойыншықтар,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Армысың алтын күн

Армысың көк аспан

Армысыңдар достарым

Сендерді көргеніме қуаныштымын.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Жаңғақ тіл жаттығуы

Сағат тіл жаттығуы

Күрекше тосап тіл жаттығуы

Ат шауып келеді тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ра-Раушан,Рауан

Ро-Роза,Рома

Ри-Ринат,Рита

**Негізгі бөлімі:**Балалардан өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы сұрау.

Сүйікті ойыншықтарыңды неліктен жақсы көресіңдер?

Балалар ойыншықтардың түрлері өте көп .Ойыншықтарды жұмсақ,резеңке,қатты ойыншықтар деп бөлеміз.Ойыншықтарды сындырмай,кірлетпей таза ,ұқыпты ұстаймыз.

Ойыншықтар жайлы бейнеролик көрсату.

**Сергіту сәті.**

Ал балалар тұрайық

Алақанды ұрайық

Бір отырып бір тұрып

Қарлығашқа ұқсайық.

Сюжетті ойын:Дүкенші.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Сүйікті ойыншығыңды ата ?

**2.**Сүйікті ойыншығыңды сипаттап бер?

**3.**Қандай  ойын ойнадық?

Тексерілді - 20.12.21ж
Алпаб.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**.20.12 -24.12.21ж

**Тақырыбы**:Менің сүйікті ойыншығым

**Мақсаты:**Балаларға өзінің сүйікті ойыншығы жайлы әңгімелеп беруге үйрету.Ойыншықтардың аттарын атап,сипаттау.Оларды ұқыпты ұстауға,тазалыққа үйрету.

**Ресурстары**:Ойыншықтар,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Армысың алтын күн

Армысың көк аспан

Армысыңдар достарым

Сендерді көргеніме қуаныштымын.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Жаңғақ тіл жаттығуы

Сағат тіл жаттығуы

Күрекше тосап тіл жаттығуы

Ат шауып келеді  тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ра-Раушан,Рауан

Ро-Роза,Рома

Ри-Ринат,Рита

Тексерілді.
27.12.21
[signature]

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**27.12 -31.12.21ж

**Тақырыбы**:Үй жануарлары

**Мақсаты:**Үй жануарлары жайлы түсінік беру,олардың пайдасын түсіндіру.Сөздік қорын молайту.

**Ресурстары**:Үй жануарларының суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Қайырлы таң көк аспан

Қайырлы таң Жер ана

Қайырлы таң достарым

Сендерді көргеніме қуаныштымын.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Тарақ тіл жаттығуы

Мысық тіл жаттығуы

Жаңғақ тіл жаттығуы

Дәмді тосап тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ит-итбалық,ит

Ин-ине,инелік

Иі-иіс

**Негізгі бөлімі:**Балалардан үй жануарлары туралы сұрау.

Үй жануарларына түйе,жылқы,сиыр,қой,ешкі жатады.Үй жануарларының пайдасы өте зор.Үй жануарларының сүтін ішеміз,етін жейміз,жүнінен киім тоқиды,терісінен аяқ киім түрлі заттар тігеді.Жылқы,түйе,қой,ешкі,сиыр тікелей адамның қарауында болады.Оларға қолдан жем,шөпбереді.Қыста жылы қораларда күтім көрсетеді.Үй жануарлары тікелей адамдардың қамқорлығында болады.

**Сергіту сәті.**

Тіктеп титтей құлағын

Ботам былай жүреді.

Сыртылдатып тұяғын

Бұзау былай жүреді.

Алға созым мойынын

Ойнақтайды ботақан.

Көкке қарап мұрынын

Шүйіреді қошақан.

Дидактикалық ойын:Жануарлардың төлдерін тап.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Үй жануарларын ата ?

**2.**Үй жануарларының қандай пайдасын білесің?

**3.**Қандай ойын ойнадық?

Тексерілді-
04.01.22ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**04.01 -06.01.22ж

**Тақырыбы**:Жабайы жануарлары

**Мақсаты:**Жабайы жануарлары жайлы түсінік беру,олардың тіршілігімен таныстыру .Балаларға сөзерді дұрыс айтуғаүйрету.

**Ресурстары**:Жабайы жануарларының суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Армысың,шапағатты Күн ана

Армысың,қайырымды Аспан ана

Армысың,мейірімді Жер ана

Армысың менің достарым.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Сағат тіл жаттығуы

Әткешек тіл жаттығуы

Тарақ тіл жаттығуы

Ат шауып келеді тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Шарды үрлеп,жару.

Тонған қолдарды үрлеп,жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Жа-жапырақ,жаңбыр

Жы-жылан,жылқы

Жо-жол,жолақ.

**Негізгі бөлімі:**Балаларға сұрақтар қою.

Ең айлакер аң................Түлкі

Ең қорқақ аң..................Қоян

Балды жақсы көреді..............Аю

Аң патшасы..............Арыстан

Мысыққа ұқсайды...........Жолбарыс

Ең ұзын мойын..............Керік

Қораға шабатын аң...........Қасқыр

Ең ірі жануар...............Піл

Үстінде тікені бар..........Кірпі

Бұл жануарлардың барлығын жабайы жануарлар деп атайды.Жабайы жануарлар ну ормандарда,елсіз далаларда,тауларда өмір сүреді.Азығын өзі тауып жиді.Олар күннің ыстық,суығында да далада өмір сүреді.Қасқыр,түлкі,жолбарыс,арыстан жыртқыш аңдар.Тістері өткір,көздері қырағы жақсы көреді.Өзіне керекті жемтігін алыстан иісінен сезеді.

**Сергіту сәті.**

Қорбаңдаған аюдың

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп аламыз

Қалтамызға саламы.

Дидактикалық ойын:Мекенін тап.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Жабайы жануарларын ата ?

**2.**Жабайы жануарлар қайда мекендейді?

Тексерілді. 10.01.22ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**10.01 -14.01.22ж

**Тақырыбы**:Қар басқан ағаштар

**Мақсаты:**Қыс мезгілі жайлы мағлұмат беру.Сурет бойынша сөйлем құрауға,сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

**Ресурстары**:қыс мезгілінің суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Жарқырап күн де ашылды

Айналаға нұр да шашылды.

Қайырлы күн!Біз көңілді баламыз

Қайырлы таң!Біз сүйкімді баламыз.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Футбол тіл жаттығуы

Мысық тіл жаттығуы

Бақа тіл жаттығуы

Ат шауып келеді тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Қар ұлпаларын үрлеп,ұшыру.

Тонған қолдарды үрлеп,жылыту.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Ша-шана,шаңғы

Шо-шошқа,шопан

Шұ-шұлық,шұға

**Негізгі бөлімі:**Балаларға сұрақтар қою.

Аппақ қыстың бояуы

Аппақ қыстың бораны

Ақ көрпеге орайды

Ақ қар байтақ даланы-Осы өлең не туралы айтылған?

-Қыс мезгілі туралы.

Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар.Желтоқсан,қаңтар,ақпан.

Қыс мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады?

Күн суық,аяз,боран болады,қар жауады.

Суретпен жұмыс:Балаларға қар басқан ағаштардың суреттерін көрсету.

Балалар мына суреттен не бейнеленген?

-Ағаштар,орман іші,айнала аппақ қар.

Осы суретте не бейнеленгенін айтып беріңдер?

-Ағаш бұтақтарын қар басқан.Ағаштардың бәрі ақ тон,ақ қалпақ киіп алғандай.

-Қысқы серуен кезінде ағаштың бұталарын сындырмау керек.Ағаш түбіне қар үйінділерін үйю керек.

**Сергіту сәті.**

Тоңса біздің қолымыз

Қолғап киіп аламыз

Сарт-сарт-сарт шапалақ соғамыз

Етік киіп аламыз

Топ-топ-топ топылдатып билейміз.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы қандай ?

**2.**Суретте не бейнеленген?

**3.**Қыс мзгілінде қанша ай бар?

Тексерілді.
17.01.22ж
[signature]

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**17.01 -21.01.22ж

**Тақырыбы**:Қыс ғажаптары

**Мақсаты:**Қыс ғажаптары,қысқы ойындар жайлы түсінік беру.Сөздік қорын молайту,қол моторикасын дамыту.

**Ресурстары**:Қыс мезгілі,шананың,аққаланың суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Қуанамын мен де

Қуанасың сен де

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Барабан тіл жаттығуы

Мысық тіл жаттығуы

Жаңғақ тіл жаттығуы

Дәмді тосап тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

Қар ұлпаларын,үрлеу.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

Са-сағат,сағыз

Си-сиыр,силық

Су-суыр,суық

Со-соқа,соқпақ

**Негізгі бөлімі:**Қазір қыстың нақ ортасы.Бұл мезгілді сықырлауық қыс немесе жылтыр қыс деп те атайды.Айнала ақ көрпеге оранып,тап-таза күйге енеді.Ал біз аяздан қорықпаймыз.Жылы киініп шанамен сырғанап,шаңғы тебеміз.

Желтоқсан-жыл аяғы,қыстың басы.Ол суықызғарлы болады.Қаңтар жыл басы,қыстың ортасы ең қарлы ай.Бұл айда қатты суық,үскірік аяз болады.Ақпан айы жел мен боранның айы.Бұл айда ең ауыр,әрі суық дүлей борандар болады.

**Сергіту сәті.**

Аппақ қылып өңірді

Қар жауды,қар жауды

Көңілді балалар

Қызығып секірді-секірді

Дидактикалық ойын:Қар ұлпаларын жинау.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Қыс айларын сипаттап бер ?

**2.**Қысқы ойындарды ата?

**3.**Қандай ойын ойнадық?

Тексерілді.
24.01.22ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**24.01 -28.01.22ж

**Тақырыбы**:Қысқы киімдер.

**Мақсаты:**Қысқы киімдер жайлы түсінік беру.З дыбысының айтылуын және артекуляциялық қалпын түсіндіру.Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

**Ресурстары**:Қыс қы киімдердің суреттері,айна ,магнит тақтасы,кеспе әріптер.

**Кіріспе бөлімі**:Шеңбер бойлап тұрғызып бір-бірімен сәлемдестіру,бір-біріне жылы сөздерін айтқызу.

**Шаттық шеңбері**.

Терезеден күн сығалап

Бөлмемізге қарайды

Қол соғамыз алақайлап

Бойға шаттық тарайды.

**Артекуляциялық жаттығулар.**

Қайық тіл жаттығуы

Бақа тіл жаттығуы

Жаңғақ тіл жаттығуы

Күрекше тіл жаттығуы

**Тыныс алу жаттығуы**.

Тонған қолдарды,үрлеп жылыту.

Қар ұлпаларын,үрлеу.

**Дыбыстық жаттығу.**

Балалар дыбыстық жаттығуды бейнероликке қарап отырып орындайды.

За-зада,зауыт

Зе-зере,зерде

Зо-зообақ

**Негізгі бөлімі:**Балалар бүгін бізге қонаққа Айнұр есімді қуыршақ қонаққа келді.Айнұр қуыршақ бізге бірнеше киімдер алып келіпті.Соны таратып берейін.Ал сендер киімге сипаттама беріңдер.Мысалы:Малақай-құлағы бар жылы баскиім,құлақшын.(Сурет алған балалар осылай сипаттама береді)

Жұмыс жүргізу.

Тон-қой терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген жылы сырт киім.Ішік-аң терісінен тігіліп сырты матамен қапталған сырт киім.Байпақ-етік ішінен киетін киіз шұлық.

**Сергіту сәті.**

Тоңса біздің қолымыз

Қолғап киіп аламыз

Сарт-сарт-сарт

Шапалақпен соғамыз

Тоңса біздің аяғымыз

Етік киіп аламыз

Топ-топ-топ

Топылдатып билейміз.

Сюжетті ойын:Дүкенші.

**Қорытынды бөлімі:** Балаларды мақтап,мадақтау.Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

**1.**Бізге кім қонаққа келді ?

**2.**Қысқы киімдерді ата?

**3.**Тон неден жасалады?

Тексерілді.
31.01-22ж

**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

**Өтілетін күні:**.31.01 -04.02.22ж

**Тақырыбы**:Менің сүйікті достарым

